

Пациенттер құқықтарының қорғалуын қамтамасыз ету мақсаттарында медициналық үйымдарда қолданылатын техникалық бақылау құралдарын, байқау және тіркеп-белгілеу аспаптарын, фото-, бейнеаппаратураларды қолдану қағидаларын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 мамырдағы № 390 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылды 25 маусымда № 11439 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-335/2020 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 30.12.2020 № ҚР ДСМ-335/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 7-бабының 1-тармағының 6-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған Пациенттер құқықтарының қорғалуын қамтамасыз ету мақсаттарында медициналық үйымдарда қолданылатын техникалық бақылау құралдарын, байқау және тіркеп-белгілеу аспаптарын, фото-, бейнеаппаратураларды қолдану қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Медициналық көмекті үйымдастыру департаменті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күннің ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспасөз басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді ;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күннің ішінде Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі А.В. Цойға жүктелсін.

4. Осы бүйрық оны алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау және әлеуметтік

даму министрі

Т. Дүйсенова

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау және әлеуметтік  
даму министрлігінің  
2015 жылғы 27 мамырдағы  
№ 390 бүйрығымен  
бекітілген

## **Пациенттер құқықтарының қорғалуын қамтамасыз ету мақсаттарында медициналық үйымдарда қолданылатын техникалық бақылау құралдарын, байқау және тіркеп-белгілеу аспаптарын, фото-, бейнеаппаратураларды қолдану қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Пациенттер құқықтарының қорғалуын қамтамасыз ету мақсаттарында медициналық үйымдарда қолданылатын техникалық бақылау құралдарын, байқау және тіркеп-белгілеу аспаптарын, фото-, бейнеаппаратураларды қолдану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 7-бабының 1-тармағының 6-1) тармақшасына (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес оларды қолдану тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) анықтама-ақпараттық үй-жайлар – әдістемелік ақпарат кабинеттері, анықтама беру бөлімі;

2) жеке гигиена үй-жайы – әжетханалар, ванналар, душ бөлмелері;

3) мамандандырылған медициналық үйымдар – наркологиялық, психиатриялық және туберкулезге карсы үйымдар;

4) техникалық құралдар (ТҚ) – техникалық бақылау құралдары, байқау және тіркеп-белгілеу аспаптары, фото-, бейнеаппаратуралар;

5) үй-жайлардың аумағы – дәліздер, тіркеу орнымен вестибюль, дәріхана дүнгіршегі, арба қоятын жер, келушілер мен қызметкерлер үшін киім ілетін жер,

анықтама-ақпараттық үй-жайлар, қабылдау бөлімшесінде амбулаториялық-емханалық үйымның ақылы қызметтерге ақшаны қабылдау кассасының үй-жайы және стационарлық көмек көрсететін үйымның шығару үй-жайы.

3. ТҚ қолдану бұл объективті шындықты білу үшін болып жатқан іс-қимылдарды, оқиғаларды, фактілерді белгілеу мақсатында ТҚ пайдалануды білдіреді.

4. ТҚ ішкі және сыртқы болып бөлінеді:

1) ішкі ТҚ медициналық үйымдардың үй-жайларына орнатылады;

2) сыртқы ТҚ бақыланатын аумақты толық қамтуға мүмкіндік беретін қашықтықтағы аумақтың периметрі бойынша орнатылады.

5. Бақылау объектілері:

1) медициналық үйим аумағындағы үй-жайдағы азаматтар;

2) медициналық үйимда емделуде жүрген пациенттер;

3) медициналық үйымның аумағы мен үй-жайы болып табылады.

6. ТҚ орналасқан жерлерде "Объекті бейнебақыланады" деген жазумен мәндайша орнатылады.

## **2. Денсаулық сақтау үйымдарында техникалық бақылау құралдарының, байқау және тіркеп-белгілеу аспаптарының, фото-, бейнеаппаратуралардың орналасуы**

7. ТҚ орналасуы (бір немесе бірнеше жерде) белгіленген аумақты бақылаумен мүмкін болатын қамтудың және іс-қимылды белгілеудің қажеттілігімен айқындалады.

8. ТҚ амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін үйымдарда орнатылады:

1) жалпы үй-жайдың аумағында;

2) емдеу-диагностикалық бөлімше, травматологиялық пункт, жедел медициналық жәрдем бөлімшесі, әйелдер консультациясы, дәріхана, стоматологиялық бөлімше, құндізгі стационар орналасқан медициналық үйымдардың дәліздерінде орнатылады.

9. ТҚ стационарлық көмек көрсететін үйымдарда:

1) жалпы үй-жайдың аумағында;

2) патологоанатомиялық бөлімшені, дәріханаларды, ас дайындау қызметін, қызметтік үй-жайларды, клиникалық кафедралардың үй-жайларын қоса алғанда басқа құрылымдық бөлімшелердің дәліздерінде орнатылады.

10. ТҚ перинаталдық орталықтарда, перзетханаларда, босандыру бөлімшелерінде, жұкті әйелдерді, босанатын және босанған әйелдерді қабылдау

Үй-жайларына, жаңа туған нәрестелердің патологиясы және тұа біткен даму ақаулары бар балалар үшін бөлімшелердің үй-жайларында орнатылады.

11. ТҚ мамандандырылған медициналық ұйымдарда:

1) жалпы үй-жайдың аумағында;

2) медициналық ұйымның қабылдау бөлімшесінде;

3) наркологиялық ұйымдарда алкогольден мас болу сараптамасын, психиатриялық ұйымдарда амбулаториялық және стационарлық сараптама жүргізу үшін үй-жайларды қоса алғанда емдеу-диагностикалық бөлімшелер орналасқан үй-жайлардың дәліздерінде орнатылады.

12. Жеке гигиена үй-жайларында, ем-шара және манипуляциялық кабинеттерде, операциялық блоктарда ТҚ орнатуға рұқсат етілмейді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК